



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Қуанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02
ББК 74.00

5. «Мудрость веков. Аль-Фараби». <https://www.youtube.com/watch?v=Hj7MxPI1nho>

6. «Ахмет Байтұрсынұв – образец истинной преданности казахскому народу». https://adebiportal.kz/ru/news/view/axmet-baitursynov-obrazec-istinnoi-predannosti-kazaxskomu-narodu__19621

ӘОЖ 37.062.2

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ РӨЛІ

Айтпағанбетова Шынар Күнтуаровна
пед., псих. маг., аға оқытушы
Тілек Арайлым Ғабитқызы
студент
araii.2002@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

Аңдатпа

Қазіргі заманда білім-ғылымнан бөлек денсаулық және салауатты өмір салтына басымдылық берілуде. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын сақтауы тұтас қоғамның денсаулығына әсер етеді. Оқушылар уақыттарының көп бөлігін мектеп қабырғасында өткізетіндіктен, сынып жетекшісінің оқушыларға дұрыс бағыт-бағдар беруінің рөлі өте зор. Әрбір бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың денсаулығына ерекше мән беріп, қадағалап отыруы тиіс. Бала денсаулығы және салауатты өмір салты ешқашан өзектілігін жоғалтпайды.

Түйінді сөздер: денсаулық, салауатты өмір салты, мектеп, бастауыш сынып, мұғалім

Аннотация

В наше время, помимо образования и науки, приоритет отдается здоровью и здоровому образу жизни. Особенно здоровый образ жизни младших школьников влияет на здоровье общества в целом. Поскольку учащиеся проводят большую часть своего времени в стенах школы, роль классного руководителя в правильном направлении для учащихся огромна. Каждый учитель начальных классов должен уделять особое внимание и следить за здоровьем учащихся. Здоровье ребенка и здоровый образ жизни никогда не теряют своей актуальности.

Ключевые слова: здоровье, здоровый образ жизни, школа, начальная школа, учитель

Abstract

Nowadays, in addition to education and science, priority is given to health and a healthy lifestyle. Especially the healthy lifestyle of younger schoolchildren affects the health of society as a whole. Since students spend most of their time within the walls of the school, the role of the class teacher in the right direction for students is huge. Every primary school teacher should pay special attention and monitor the health of students. The child's health and healthy lifestyle never lose their relevance.

Key words: health, healthy lifestyle, school, primary school, teacher

«Баланы ақылды етпес бұрын,
оны сау және берік етіңіз»
Жан-Жак Руссо

Денсаулық – бұл әр адамның ғана емес, бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Соңғы жылдары оқушылардың денсаулығының күрт нашарлауы айқын байқалып жүр. «Денсаулық» ұғымы физикалық ақаудың болмауын ғана емес, сонымен қатар толық әлеуметтік, физикалық және психикалық әл-ауқаттың күйін де қамтиды.

Ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін адамдар денсаулыққа ерекше назар аударды. XVII ғасырда британ педагогы Джон Локк өзінің «Тәрбие туралы ойлар» атты негізгі еңбегінде болашақ джентльменнің дене шынықтыру жүйесін ұсынып, оның негізгі ережесін жариялайды: «дені сау денеді сау рух – міне, осы әлемдегі бақытты күйдің қысқаша, бірақ толық сипаттамасы...» [1, б. 6]. Бұл ереже «дені саудың – жаны сау» деген мақалды еске түсіреді. Иә, былай айтқанда қарапайым, белгілі сөздер секілді естіледі. Алайда, өкініштісі соңғы жылдардың ірі мәселелерінің бірі – салауатты өмір салты мен денсаулық сақтау.

Сенат депутаты С.Айтпаеваның айтуы бойынша әрбір бесінші бірінші сынып оқушысының денсаулығында ауытқулар бар, ал әрбір үшінші оқушының мектеп бітірген кезде 2-3 медициналық диагнозы бар. Бұл балалық шақта, әсіресе мектеп жылдарында, баланың ақыл-ойы мен физикалық белсенділігі жоғары болған кезде салауатты өмір салтын сақтамау денсаулықтың ауыр бұзылуына әкелетінін көрсетеді. Сонымен қатар, 7-10 жас аралығындағы бастауыш мектеп оқушыларында шамамен 5%-да дене салмағының жетіспеушілігі байқалады, ал артық салмақ оқушылардың 15%-нан байқалған. Артық салмақтың жоғары деңгейі балалардың денсаулығына үлкен алаңдаушылық тудырады. Дене салмағының артық болуына байланысты балалар ересек жаста қант диабеті, артериялық гипертензия, атеросклероз, өт тас ауруы, остеоартрит және басқа да аурулардың дамуына бейім болады.

Сондай-ақ депутаттың ақпараты бойынша, 13-15 жас аралығындағы оқушылардың 14,8% -ы күн сайын темекі шегеді, 12-15 жастағы жасөспірімдердің 18,1%-ы, 15-17 жастағы жасөспірімдердің 37%-ы алкоголь ішеді. Балалардың көпшілігі, шамамен 90%-ы нашақорлықтың, темекі шегудің және алкогольді ішудің зиянды әсерін білмейді немесе түсінбейді екен [2].

Міне, осы білместікке ең алдымен, ата-ана, одан соң мектеп жауапты. Аурулардың алдын алуда және оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруда мектеп маңызды рөл атқарады. Салауатты өмір салтының негізі, оның нормалары мен ережелерін сақтау қажеттілігін дамыту мектеп жасынан басталуы керек екендігі даусыз, өйткені адам денсаулығының негізі балалық шақта мектепте тәрбие мен оқыту кезеңінде қаланады. Мектеп жасында қарым-қатынас, адамгершілік, сондай-ақ гигиеналық әдеттер мен дағдылар, салауатты өмір салтын сақтау сияқты дағдылар мен жеке қасиеттер қалыптасады. Мектептің өзекті практикалық міндеттерінің бірі – бастауыш сынып оқушылары үшін жайлы, экологиялық, психологиялық салауатты білім беру ортасын құру болып табылады.

Мектептегі денсаулық сақтау іс – әрекетінің дағдыларын, әдістерін игерудегі басты рөл сынып жетекшісіне тиесілі. Сынып жетекшісінің басты міндеттері: оқушыларда салауатты өмір салтын жүргізудің саналы қажеттілігін қалыптастыру, ең жоғары құндылық ретінде өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу, Қазақстанның отбасы, денсаулық туралы заңнамасының негізгі ережелерін және репродуктивті денсаулықты сақтау қажеттілігін игеру және күнделікті өмірде салауатты өмір салты мен қауіпсіздікті сақтау.

Бүгінгі қоғамдағы мұғалімнің рөлі шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге дайын тәрбиелі, дені сау, білімді шәкірт тәрбиелеуі керек.

Мұғалімнің оқушы тұлғасына бағытталған шоғырланған білім беру талаптары :

- адамның қалыптасуына, рухани және шығармашылық, өз мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету;

- сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу, оны қолдау және дамыту, өзін – өзі реттеуге, қорғауға, тәрбиелеуге үйрету;

- адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну, өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым – қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау [3, б.36].

Жоғарыда айтылған шоғырланған білім беру негіздерін әрбір мұғалім тәрбие мен білім беру процесінде ескеруі керек.

Сау денсаулық үшін төрт жағдай тең болуы қажет: физикалық белсенділік, тамақтану шектеулері, дене беріктігі және демалыс. Тағы бесінші – бақытты өмір! Өкінішке орай, алғашқы жағдайларсыз бақыт денсаулықты қамтамасыз етпейді [4, б. 2].

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, жас ұрпақты тәрбиелеп отырған ұстаз білімді, тәрбиелі, сөзі мен ісі жарасқан тұлға болуы тиіс. Оқушылардың дүниетанымын байыту, ақыл – ой қабілетін жетілдіру және өмірлік ұстанымдарын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты. Мұғалім елдің болашағын қалыптастырудағы ең маңызды рөлге ие екендігі ақиқат.

Мемлекет президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы 27 желтоқсанда «Педагог мәртебесі туралы» Заңға қол қойды. Бұл заң Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасы бойынша дайындалған. Заң мақсаты – педагогтердің мәртебесін көтеру, жүктемесін азайту, оларды себепсіз тексерулерден және мұғалім қызметіне кірмейтін істерден қорғау, ынталандыру және өзге де мәселелерді заң жүзінде шешу [5].

«Педагог мәртебесі туралы» заң жобасы Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында толық талқыланып, келісілді. Заң жобасын депутаттарға Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов таныстырды. Оның айтуынша, 19 баптан тұратын заң жобасы 4 бағытты қамтиды.

Бірінші бағытта заң жобасында педагогтердің құқықтары бойынша 10 жаңа мұғалімнің жеке дамуына және оқу үдерісін дамытуға мүмкіндік беретін позициялар қарастырылған. Мұғалімдерді

артық жұмысқа, өзінің қызметіне кірмейтін жұмысқа тартуға, шамадан тыс есеп беруге, қағазбастылыққа, негізсіз тексерулерге тыйым салу арқылы жүктемені азайту бойынша жеке нормалар да қаралған. Бұл расымен де бүгінгі өте өзекті мәселе. Халықаралық TALIS зерттеулерінің көрсеткіштері бойынша жалпы ТМД, ЕҚЫҰ мемлекеттерімен салыстырғанда еліміздің мұғалімдерінің жүктемесі өте көп. Мысалы, ЕҚЫҰ мемлекеттерінде 38 сағат болса, бізде – 48,8 сағат.

Екінші бағыт – заң жобасында педагог қызметіне қойылатын талаптарды күшейту көзделген. Сондықтан заңға сәйкес, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұғалім ретінде кәсіби қызметін жүзеге асыруға алғаш кірісетін тұлғалар педагог біліктілігінің сәйкестігін дәлелдеуі керек.

Үшінші – материалдық емес ынталандыру тетіктері. Әскери қызметті кейінге қалдыру, ауылдық жерде жұмыс істейтін мұғалімдерге үстеме жалақы беру, денсаулық сақтау, үздік педагог, ЖОО-ның үздік оқытушысы сияқты барлық әлеуметтік кепілдіктер де осы заңда сақталды. Сондай-ақ мұғалімдердің балаларына балабақшаларда кезексіз орын беру нормасы, «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» мемлекеттік марапатының жаңа түрі сияқты бірқатар материалдық емес ынталандыру түрлері енгізіледі.

Ал төртіншісі – материалдық жағынан ынталандыру. Мемлекет басшысының Тамыз конференциясындағы тапсырмасына сәйкес алдағы төрт жыл ішінде мұғалімдердің жалақысы екі есеге артады. Бұл келесі жылдан бастап еңбекақы 25%-ға артатынын білдіреді. Бұл мәселе Президенттің берген тапсырмасының аясында жалпы мұғалімнің жалақысына қатысты болады деп айтқым келеді және қаңтар айынан бастап бұл жұмыс жүргізіледі, – деді Асхат Аймағамбетов.

Сондай-ақ министр заң жобасында сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін педагогтерге 2 есе мөлшерде қосымша ақы төлеу көзделгенін айтты. Сондай-ақ барлық педагог үшін демалыс кезеңін 42 күннен 56 күнге дейін ұлғайту қарастырылады. Тәлімгерлік үшін де педагогтерге жыл бойы 17 мың теңге қосымша ақы беру ұсынылып отыр екен. Ал магистр атағы бар педагог мектепке келіп жұмыс істейтін болса, оларға 10 АЕК мөлшерінде қосымша ақы төленеді [6].

Осылайша мемлекет мұғалімдерге берілетін жауапкершілік салмағын азайтып, оқушылардың тәрбиесі мен біліміне мән беруге шақырады. Бұл өзгерістер мұғалімнің толыққанды оқушыларға көңіл бөліп, олармен толыққанды жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта «Педагог мәртебесі туралы» Заң шеңберінде мұғалімдердің қоғамдағы мәртебесі артып, білім жүйесіндегі біршама кінәраттармен жұмыс жасалды. Оған сәйкес педагогтарға да қойылатын талаптарға жаңа өзгерістер енгізді.

Жас ұрпақ бақытты, тәрбиелі және білімді болуы үшін денсаулықтың маңызы зор. Педагог қанша жерден білім бергенмен, денсаулықты күту мен салауатты өмір салтын сақтау туралы білімнің орны бөлек. Әсіресе, қазіргі ақпараттық технологиялар заманында мұғалім оқушылардың салауатты өмір салтын сақтауларына басымдық берсе екен деймін.

Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын нығайту мен салауатты өмір салты жайында түрлі заңнамалар мен бағдарламалар бар. Еліміздің Үкіметі 2019 жылғы желтоқсанның 26-шы жұлдызында «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» бекітті. Бағдарламаның мақсаты – сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз ету болса, халықтың саламатты өмір салтын ұстануын қалыптастыру және қоғамдық денсаулық қызметін дамыту; медициналық көмектің сапасын арттыру; денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамыту – оның міндеті болып бекітілді [7, б. 3].

ДДҰ-ның «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасы шеңберінде оқушылар ерте жастан бастап денсаулыққа пайдалы әрі дұрыс әдеттерді қалыптастыра бастайды. Мектеп басшыларына жобаға сәйкес ДДҰ ұсынымдары оқытылады [7, б.22].

Денсаулық сақтау сапасы бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында құрылған рейтингте Қазақстан 95 елдің ішінде 58-ші орынға ие болды. Көш басында Тайвань, Оңтүстік Корея және Франция тұр. Рейтингте елдің индексі 59,62 болды. Ол 100-ге неғұрлым жақын болса, елдегі денсаулық сақтау жүйесі соғұрлым жақсы деп саналады. Индексті есептеу кезінде денсаулық сақтау мамандарының, дәрігерлердің біліктілігі, жабдықтар сапасы, қызмет бағасы және т.б назарға алынады [8].

Білім беру мекемесінде бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту бойынша сынып жетекшісінің тәрбиелік ықпал ету жүйесі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Салауатты өмір салтын, денсаулық мәдениетін қалыптастыру, гигиеналық білім беру және оқушыларды тәрбиелеу.
- Денсаулық сақтайтын білім беру ортасын құру.
- Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты – оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту. Осыдан сынып жетекшісіне негізгі міндеттер туындайды:

• мектеп оқушыларына мектепте оқу кезеңінде денсаулығын сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- оқушылардың аурушандық деңгейін төмендету;
- сабақта өнімділікті сақтау;
- оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;

• балаларды спорттық-сауықтыру жұмыстарына тартуға жәрдемдесу.

Бастауыш сынып жетекшісі өткізетін іс-шаралар:

• Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беру, әңгімелесу, қауіпсіздік техникасымен таныстыру, жарақаттанудың алдын алу.

• «Дені саудың-жаны сау», «Дені сау ұрпақ», «Тазалық-денсаулық кепілі» және т. б. тақырыптар бойынша оқушылардың салауатты өмір салтының қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттары мен әңгімелесулер.

• Сыныптың салауатты өмір салты тақырыптарына арналған түрлі конкурстарға қатысуы.

• Сыныптан жекелеген оқушылардың спорттық мектепке, өлкелік іс-шараларға қатысуы.

• Дене шынықтыру мұғалімімен тығыз ынтымақтастық.

• Оқушылардың жұмыспен қамтылу мониторингі, оларды спорт секцияларына тарту.

• Ата-аналармен ынтымақтастық түрінде жұмыс істеу. Тақырыптық сынып жиналыстарын, жеке әңгімелесулер ұйымдастыру.

• Сабақтар, сабақтан тыс сабақтар кезінде әр оқушының эмоционалды жағдайын байқауға тырысу, қажет болған жағдайда оны түзеу: баланың жағымсыз эмоционалды күйінің себебін талдап, оқушының эмоционалды жағдайына әсерін объективті бағалау. Сабақтардағы тәрбиелік сәттерді, сыныптан тыс жұмыстарды әр бала өзін табысты сезінетіндей етіп жасап, оқу мен тәрбиенің сәттілігін бақылауды сынып жетекші жүзеге асырады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау бойынша қосымша жұмыс бағыттары:

• ұйымдастыру қызметі: кезекшілер мен санитарларды сыныпта санитарлық тәртіпті сақтауға тарту (желдету режимін сақтау, шаңды сүрту, аяқ киімді ауыстыру), сондай-ақ оқушылардың жеке гигиена ережелерін сақтауын, ұқыптылығын және т. б. бақылау.

• мектеп жағдайында балаларды сауықтыру: дұрыс тамақтану (мектеп асханасында барлық оқушыларды ыстық тамақпен жүз пайыз қамту бойынша ата-аналармен жұмыс).

Денсаулық сақтау педагогикасы жағдайында сапалы сабаққа қойылатын негізгі талаптар:

1. Сабақты өткізудің санитарлық-гигиеналық шарттарын сақтау.

2. Денсаулық сақтау мәселелерін ескере отырып, озық педагогикалық практиканың соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесінің заңдылықтары негізінде сабақ құру.

3. Сабақта жалпы педагогикалық және нақты принциптер мен әдістердің оңтайлы арақатынасында жүзеге асыру.

4. Денсаулық жағдайын, даму ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқушылардың өнімді танымдық іс-әрекеті үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету (сабақтың қарқынын таңдау).

5. Оқушылар түсінетін пәнаралық байланыстарды орнату, бұрын үйренген білім мен дағдылармен байланысты жүзеге асыру.

6. Оқушылар тұлғасының барлық салаларының эмоционалды-сезімтал дамуын жандандыру. Оқушылардың сезім мүшелерін (есту, көру, сезу) дамыту.

7. Оқу-тәрбие қызметінің барлық кезеңдерінің қисындылығы мен эмоционалдылығы.

8. Денсаулық сақтау білім беру технологияларының педагогикалық құралдарын тиімді пайдалану, оқу іс-әрекетінің негізгі түрлерінің ұзақтығын реттеу, сабақтағы іс-әрекеттің түрлерін өзгерту (сергіту сәті, ашық ойындар ұйымдастыру, дененің қисаюы мен көру қабілетінің бұзылуының алдын алу).

9. Сабақты өткізудің нақты жағдайларына байланысты салауатты өмір салты ережелерін өзгермелі пайдалануды қамтамасыз ету.

10. Шығармашылық үшін жағдай жасау.

11. Оқушылардың жеке ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына байланысты оқу процесін саралау және даралау (жүйке жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып).

12. Сабақта іздеу белсенділігін ынталандыратын жағдай жасау.

13. Сабақтың жағымды психологиялық атмосферасын сақтау, демократиялық қарым-қатынас стилін таңдау [9, б. 33].

Қорытындылай келе, бастауыш сынып мұғалімі – оқушылардың ата-аналарынан кейінгі маңызды тұлға болып саналады. «Баланы жастан» демекші, оқушыларға денсаулықтың маңызын

түсіндіріп, оны өз бетінше салауатты өмір салтын сақтауға үйретуде бастауыш сынып жетекшісінің рөлі зор. Жоғарыда айтылған іс-шаралар мен түрлі жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын сақтап, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға үйретеді деп сенемін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Джон Локк. Мысли о воспитании./ А. Адольф. – Изд. 2-е. – М.: Изд-во К. И. Тихомирова, 1904. – (Педагогическая библиотека)
2. https://www.kt.kz/rus/society/deputat_senata_virazila_obespokoennostj_sostojaniem_zdorovjja_shkolnikov_1153668170.html
3. Муканова Н.Е. Тулегенова Б.Н. М90 Педагогикалық шеберлік: Оқу-әдістемелік құралы –Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2020. – 108 бет
4. Амосов Н.М. Раздумья о здоровье. -3-е изд., доп., перераб.-М.:Физкультура и спорт, 1987.-64 с
5. <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/pedagog-m-rtebesituraly-zan-mu-g-alimderdin-zhalak-ysyn-koteru-k-u-k-yk-taryn-k-org-au-zh-ne-leumettik-k-oldau>
6. <https://egemen.kz/article/214595-mughalim-martebesituraly-zanh-dgobasy-maquldandy>
7. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – 80 бет
8. <https://egemen.kz/article/281044-alemdik-reyting-qazaqstan-densaulyq-saqtau-sapasy-boyyynsha-qay-orynda>
9. Н.К. Смирнов. Здоровьесберегающие образовательные технологии в современной школе- М.: АПК и ПРО, 2002. – 121с.

УДК 37.026

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ХИМИИ

Аманова Жанат Сапаровна,
преподаватель химии и биологии
КГКП «Костанайский колледж бытсервиса»
Управления образования акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан
shnar15@mail.ru

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы использования технологии критического мышления преподавателями химии. Представлен теоретический обзор и практика использования технологии критического мышления преподавателями химии. Приведены примеры использования технологии критического мышления на уроках химии.

Ключевые слова: критическое мышление, технология.

Аңдатпа

Мақалада химия пәні мұғалімдерінің сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану мәселелері қарастырылған. Химия пәні мұғалімдерінің сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолданудың теориялық шолуы мен тәжірибесі берілген. Химия сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану мысалдары келтірілген.

Түйінді сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, технология.

Abstract

The article deals with the use of critical thinking technologies for chemistry teachers. Proposal of a practical review and practice of using critical thinking technologies for chemistry teachers. Examples of the use of critical thinking technologies in chemistry lessons are given.

Key words: critical thinking, technology.

Каждый педагог стремится активизировать познавательную активность обучающихся. Развитие внутренней мотивации к обучению – путь к успеху в преподавании.

Современного обучающегося мотивировать к познавательной деятельности, к поиску новой информации и коммуникации достаточно сложно. Происходит это потому, что обучающиеся часто испытывают серьезные затруднения в восприятии учебного материала по всем преподаваемым предметам. Причина этого – в недостаточно высоком уровне развития критического мышления. Одна из интереснейших современных технологий в сфере образования, которая позволяет вырабатывать